**Әділет**

# 2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырмасын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 08 қазандағы N 965 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 қарашада N 4533 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 25 ақпандағы N 10-12/566 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Қызылорда қаласы әкімдігінің 25.02.2014 N 10-12/566 хатымен).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р. Рүстемовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*ҚАЛА ӘКІМІ* *Н. НӘЛІБАЕВ*

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы "8" қазандағы N 965 қаулысына қосымша

## 2013 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| N | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге) | Мектепке деі мөлшері (теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Мемлекеттік м ұйымдардағы ақысының ай с |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы | | | (Алты еселенге көрсеткіштен а |
| 1 | Қызылорда қаласы | 4912 | 20 295 | 9605 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК